

**№11 М.П. Окороков атындағы жалпы білім беретін мектебінің
2023-2024 оқу жылындағы директор жанындағы кеңес**

ХАТТАМА №1

29.09.2023ж.

Барлығы:74

Қатысқандар:70

Күн тәртібінде:

1	1-11 сынып оқушыларының BilimClass журналдарын зерделеу	Қ. Молдашов
2	«Мейірімді жүрек» атты қайырымдылық акциясының қорытындылары	П. Бекжанова
3	Piza халықаралақ зерттеу бойынша іс-шара жұмыстарының жүргізілуі	Қ. Молдашов
4	Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу	Ж. Дүйсенова
5	ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жүргізілуі	Қ. Молдашов
6	Әр түрлі мәселелер	М.Калменов

Тыңдалды:

Директор жанындағы отырыста мектеп директоры: М.Калменов күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, алда келе жатқан ұстаздар күнімен барша жиынға қатысушыларды құттықтап, ізгі ниет тілектерін айтып, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен көпшілікті таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу- ісі жөніндегі орынбасары: Қ. Молдашов сөз алды. 1-11 сынып оқушыларының Bilim class журналындағы зерделеу барысына басты журналды дұрыс толтыру керектігін, бұрынғы BilimLant және қазіргі Bilim class журналындағы айырмашылықтар мен өзгерістердің бар екендігін, bilim class журналының ішінен жүзеге асатын жұмыстардың барысы жайлы, журналға бағаны дұрыс қою, қайда және қалай қою керектігін түсіндіре отырып, оның ішінде қалыптастырушы бағалауға күнделікті баға қойылатынын, жалпы журналды толтырудың барысы ретін көрсеткішіне тікелей байланыстылығын ескертті. Пән мұғалімдері айтылған ескертулерге мұқият болып журнал толтыруда қателіктерге жол бермеуін, оқу жылының басынан журнал дұрыс толтырылып отырса тоқсандықтарда және жылдық қорытынды кезінде ешқандай қиындықтарға тап болмайтынымызды айта отырып мынадай ұсыныс жасады.

Ұсыныс: Bilim class журналын толтыру барысын түсінбеген жағдайда әр пән бірлестіктері өз әдіс бірлестіктерінде журналдың толтырылуын талқылап, қадағалап, ортаға салып түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырсын.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Мейірімді жүрек» атты қайырымдылық акциясы жайында директордың тәрбие ісінің орынбасары П. Бекжанова сөз алды. Мейірімділік-халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі-мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды. «Мейірімді жүрек» атты қайырымдылық акциясы арқылы жағдайы төмен және көп балалы отбасыларға біраз көмек берілгендігін, 250 мыңға жуық теңге қаражат жұмсалғанын, балалардың сабаққа келуіне жағдай жасалып, оқушыларымызға мектеп формалары алып берілгенін, 2023-2024 жж қорытындысы бойынша қайырымдылық акциясы өз деңгейінде атқарылғандығын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе Piza халықаралақ зерттеу бойынша іс-шара жұмыстарының жүргізілуін Қ. Молдашов таныстырды. Piza зерттеуі Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы жүзеге асыратын бағдарлама екендігін, Piza зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізілетін, бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиясының мақсатын анықтауға мүмкіндік беретіндігін айта отырып, осы орайда Piza халықаралық зерттеу бойынша мектебіміздегі

дайындық жұмыстарының жүргізілуіне тоқталды. Онда мектебімізде 9-10 сыныптар арасындағы жасы 15 жас 3 ай мен 16 жас 3 ай аралығындағы оқушылар саны 44 екендігін. Олар Piza халықаралық тестін тапсыратынын, тестке дайындалу үшін қосымша сабақ кестесі түзілгенін, әр пән бойынша түзілген дайындық кестесінің уақыты мен күндерін атап өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу бойынша психолог Ж. Дүйсенова сөз алды. Қазіргі таңда қоғамда шешімін табалмай жатқан мәселелердің бірі жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті әрекет яғни ол алкаголь- темекі мен есірткі заттарын қабылдап, денсаулығына зиян келтіруі, адамның өз- өзіне қол жұмсауы жасөспірім өзін ересекпін деп сезініп, және мұндайды айналасындағылардан да талап ететінін. Осыған орай мектебімізде оқушыларды қадағалау олардағы болып жатқан өзгерістерді бақылап отыру барлық сынып жетекшілерге жүктелетін, сонымен қатар ата-аналармен тығыз байланыста болып, балаларды қатаң қадағалап отыруын ескертті.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жүргізілуі туралы Қ. Молдашов сөз алды. 2022-2023 жылындағы ҰБТ қорытындысына тоқталды. Орташа баллды айтып, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Әр пән мұғалімдеріне қосымша сабаққа дайындай отырып орташа балл көрсеткішін көтеруді тағайындағанын, қосымша сабақ кестесін түзілгенін сол бойынша дайындық жұмысын қадағалап отыратынын айта келе ҰБТ көрсеткішін жоғарылатуын тапсырды және қосымша өтетін сабақ кестесімен таныстырды.

Директор жанындағы кеңесте қабылданған қаулылар:

1. 1-11 сынып оқушыларының bilim class журналдарын зерделеу «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
2. «Мейірімді жүрек» атты қайырымдылық акциясының қорытындылары «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
3. Piza халықаралақ зерттеу бойынша іс-шара жұмыстарының жүргізілуін қадағаланып отырылсын.
4. Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу бойынша оқушыларды сынып жетекшілер қадағалау көзделсін.
5. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының дұрыс жүргізілуін әр пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Мектеп директоры:

М.Калменов

Хатшы:

А. Турлыбаева

**№11 М.П. Окороков атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024
оқу жылындағы директор жанындағы кеңес**

ХАТТАМА №2

10.10.2023ж.

**Барлығы: 74
Қатысқандар: 72
Себепті : 2
Себепсіз:-**

Күн тәртібінде:

1	2,3 сыныптардың ана тілі және әдебиет пәнінен оқу жылдамдығын тексеру қорытындысы	М.Аукенбаева
2	5-11 сынып оқушыларының қазақ тілі, орыс тілі бойынша білім сапасын зерделеу	Н.Балғабаева
3	ҰБТ, МОДО, Piza жұмыстарының жүргізілуі BilimClass журналдарының бір айлық есебі	Қ.Молдашов
4	Мектепшілік олимпиадасының қорытындысы	Н.Балғабаева
5	Құқық бұзушылықтың алдын алу	П.Бекжанова
6	Әр түрлі мәселелер	М.Калменов

Тыңдалды:

Директор жанындағы отырысты мектеп директоры Манақбай Калменов күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, ашып берді.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 2,3 сыныптардың ана тілі және әдебиет пәнінен оқу жылдамдығын тексеру қорытындысы бойынша М.Аукенбаева сөз алды. Оқу жылдамдығы бойынша 2 сынып 19-35 сөз, 3 сынып 44-55 сөз, оқу керектігін айта келе, әр сыныпта оқушылар неше сөз оқығандығы жайлы жеке-жеке тоқталып өтті.

3 а сынып жетекшісі: Сламбекова Аягөз апайымыздың сыныбында барлығы-30 оқушы. Келгені-28оқушы 5 оқушы «өте жақсы» 11 оқушы «жақсы» 9 оқушы «қанағаттанарлық» деген бағада оқиды.3оқушы әріп танымайды,қосып оқи алмайды.Олар:Пернебай Айсана ,Базарбай Нурислам, Ералы Ернар.

3 ә сынып жетекшісі: Оразбаева Хадиша апай барлығы-26 оқушы, келгені -22оқушы 8 оқушы « өте жақсы» 12оқушы жақсы 4 оқушы қанағаттанарлық деген баға алды. 2 оқушы өте нашар.

Ибрагимов Мирас, Ибишова Зерда

2а сынып жетекшісі:Налтаева Шолпан апайда барлығы -23оқушы, келгені -19оқушы, 5 оқушы өте жақсы, 5оқушы жақсы,6 оқушы қанағаттанарлық.

2 ә сынып жетекшісі: Шойынбаева Жанар апайда оқушы саны 23оқушы, келгені 16оқушы. өте жасы 5оқушы, жақсы 4оқушы,қанағаттанарлық 5 оқушы,3 оқушы өте нашар;Әзіретәлі Нұрсат,Әзіретәлі Аяулым,Әбдімомын Ясмина.

2 б сынып жетекшісі:Шыныбекова Оңласын апайымызда барлығы-23 оқушы, келгені-20 оқушы .Өте жақсы 9оқушы, 5оқушы жақсы,6 оқушы «қанағаттанарлық» буындап оқитын оқушы жоқ.2-3 сынып оқушыларының ана тілі және әдебиет пәнінің оқу жылдамдығын тексеру қорытындысы бойынша М.Аукенбаева төмендегіше ұсыныспен өз сөзін қорытындылады.

Ұсыныс: 2,3 сыныптағы оқи алмайтын оқушыларға екі әріпті буындарды қосу,әріптерді қосып оқуда қосымша сабақтар ұйымдастыру, ата-анасымен бірлесе отырып жұмыс жасау.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша 5-11 сыныптарында қазақ тілі, орыс тілі пәндерінің білім сапасын зерделеу бойынша директордың бейінді ісі орынбасары Н.Балғабаеваға сөз берілді. Қазақ тілі және әдебиет пәнінде оқушылардың жұмыс дәптерлерінің тексерілу қорытындысы барысында бірлестік мұғалімдері оқушылардың жұмыс дәптерлерін уақтылы тексеріп

отыратынын, дәптердегі қателерін көрсетіп, сауатты жазуға бағыт-бағдар беретінін . Оқушылардың дәптеріндегі бағалар дұрыс қойылғандығы, жеке тоқталғанда Тұрлыбаева Айнур апайдың оқушыларының дәптерлері ұқыпты, таза, уақтылы тексерілгендігі. Сейдуллаева Лаззат, Тастанова Нұрсәуле, Есенбаева Дариға апайларымыздың дәптерлері де уақтылы тексерілгендігі айтылды. Орыс тілі бірлестік мұғалімдері оқушылардың дәптерлерін тексеру барысында дәптерлерінің сырттары қапталғандығы, дұрыс тексеріліп, бағаланып отырғандығы айтылды. Ал кемшіліктері кейбір сыныптарда оқушылардың дәптерлері жоқ екендігі, біраз оқушыларда үй тапсырмалары орындалмағаны және де тапсырмалар қате орындалғандығын мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша ҰБТ, МОДО, Piza жұмыстарының жүргізілуі «BilimClass» журналдарының бір айлық есебі бойынша директордың оқу-ісі орынбасары Қ.Молдашов тексеру қорытындысын айтып өтті. Электрондық журналдарды тексеру барысында мектептің барлық педагогтары күн сайын білім алушылардың ағымдағы және қорытынды үлгерімі мен сабаққа қатысуын көрсету бойынша электрондық журналдарды 100% толтыру керектігін, сынып жетекшілер білім алушылардың қозғалысын уақтылы жүргізіп, қадағалап отыруын, алайда электрондық журналдарды жүргізу барысында мынадай кемшіліктер байқалғанын. 6 ә сынып оқушысы Раманқұлов бір тоқсан бойынша журналға енгізілмеген, 4 ә сынып оқушысы Ибрагимов Өркен, 2 б сынып оқушысы Базарбай Аяна орыс тілі, ағылшын сабақтарынан топқа қосылмағандығы, осы кемшіліктерді қайталамауды ескере отырып мынадай ұсыныс айтылды.

Ұсыныс: Электронды журналды толтыруда біріңғай талаптарды ұстану, бағаны түземеу және толтырғанда мұқият болу, оқушыларды дұрыс ендіру керектігін сынып жетекшілеріне тапсырды.

ҰБТ, МОДО Piza жұмыстарының жүргізілуі бойынша әр пән мұғалімдері мәлімет берді . География пәні мұғалімі Л.Мамитова 11ә сыныптан 5 оқушы орташа баллы 17,6 екендігін, 11а сыныпта 4 оқушы орта баллы -16 болып, дайындық жүргізіліп жатқандығы, бірақ оқушылар түгел келмейтіндігін ,ББЖМ бойынша 9а-9ә сыныптарға дайындық сабағы дүйсенбі күні сағ 15:50-де болатындығын . 9а сыныбында 6-оқушы, 9 ә-де 4-оқушы ғана келетінін ,биология пән мұғалімі Майрихова М қосымша сабақ бейсенбі сағат 15:00-де болатындығын, оған 6-оқушы қатысып, орта балл -18 екендігін мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектепшілік олимпиадасының қорытындысы Н.Балғабаева сөз алды. 8-13 қазан айы аралығында мектепшілік олимпиада болып өткендігі, әр пән бойынша алдын ала жоспар құрылып, олимпиада материалдарын дайындап, әділ-қазы алқалары сайланғаны, сол бойынша олимпиада жұмысы алынғанын. Мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша 1-ші орын алған оқушыларды ауданға жібергенін, аудандық олимпиадаға мектебімізден 21 оқушы баратындығы жайлы хабарлай келе, мектепшілік олимпиаданың қорытындысы толық қанағаттанарлық дәрежеде деп есептеуге болатындығын баяндады.

Күн тәртібіндегі кейінгі мәселе «Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша тәрбие ісі орынбасары П.Бекжанова сөз алды. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілгендігі, жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырғандығы, оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасағандығын, әр ай сайын кеңес отырысы болып өтетінін. Кеңес құрамында 10 адам екендігін, кеңес төрағасы мектеп директоры және мектеп ұстаздарынан құралғандығы, сонымен қатар жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және құқық бұзушылықпен күресуде көмек көрсету мақсатында мектебімізге ЕДН жәрдемдесу жедел тобы құрылғандығын баяндай отырып, мынадай ұсыныс жасады. Ұсыныс: Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында мектебіміздегі ер мұғалімдерге көбірек балалармен іс-шаралар өткізіп, қосымша сайыс, пікірталастар өткізіп отыру

Директор жанындағы кеңесте қабылданған қаулылар:

1. 2,3 сыныптардың ана тілі әдебиет пәнінен оқу жылдамдығын тексеру қорытындысы бойынша оқу жылдамдығы төмен оқушылардың білім деңгейін көтеру мақсатында қосымша сабақтар өту бастауыш сынып мұғалімдеріне жүктелсін.
2. 5-11 сынып оқушыларының қазақ тілі, орыс тілі бойынша білім сапасын зерделеу бойынша жасаған директордың биінді орынбасары Н.Балғабаеваның есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. ҰБТ,МОДО.Piza жұмыстарының жүргізілуі Bilim class журналдарының бір айлық есебінде көрсетілген кемшіліктерді болдырмау,оны қадағалап отыру сынып жетекшілерге тапсырылсын.
4. Мектепшілік олимпиадасының қорытындысы бойынша мектепте өткізілген олимпиада да бірінші орын алған аты аталған оқушылар аудандық олимпиадаға жіберілсін.
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ер балдармен көбірек қосымша іс-шаралар ,кездесулер өткізу көзделсін.

Мектеп директоры:

М. Калменов

Хатшы:

А. Турлыбаева

**№11 М.П. Окорокоев атындағы жалпы білім беретін мектебінің
2023-2024 оқу жылындағы директор жанындағы кеңес**

ХАТТАМА №3

06.12.2023ж.

**Барлығы: 74
Қатысқандар:
Себепті :**

Күн тәртібінде:

1	Бастауыш сыныптарда негізгі пәндер (қазақ тілі, математика, жаратылыстану, дүниетану) жұмысының өтілу барысы	М.Аукенбаева
2	5-11 сыныптарда сыныптық бақылау (тарих пәнінің өтілуі)	Н.Балғабаева
3	МОДО, Piza жұмыстарының жүргізілуі	Қ.Молдашов
4	«Бес терек» жобасы бойынша әдістемелерді қолдану және іске асыру	Ж.Дүйсенова
5	Патриоттық тәлім-тәрбие негізі	П.Бекжанова
6	Әр түрлі мәселелер	М.Калменов

Тыңдалды:

Директор жанындағы отырысты мектеп директоры Манақбай Калменов күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, ашып берді.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бастауыш сыныптарда негізгі пәндер (қазақ тілі, математика, жаратылыстану, дүниетану) өтілу барысы бойынша М.Аукенбаева тексеру қорытындысын хабарлады.

2-4 сыныптар арасында математика пәні бойынша

Барлығы	Қатысқаны	5	4	3	2
212	166	33	61	58	28

Қатыспағаны -46

2-4 сыныптар арасында қазақ тілі пәні бойынша

Барлығы	Қатысқаны	5	4	3	2
212	191	40	60	64	27

Қатыспағаны - 21

Ана тілі бойынша оқушылардың сауаттылығы

3 «а» Сламбекова Аягөз

Барлығы	5	4	3
30	5	4	9

3 оқушы әріп танымайды: Пернебай Айсана, Базарбай Н, Ералы Е

3 «Ә» Оразбаева Х

Барлығы	5	4	3
26	8	12	4

2 оқушы өте нашар: Ибрагимов М, Ибишева З

4 «А» Даригозова А

Барлығы	5	4	3
21	7	7	7

4 «Ә» Есенбаева К

Барлығы	5	4	3
21	5	5	8

3 оқушы өте нашар Сұлтан М, Бакирова Д, Әзіреталі Е

4 «Б» Құдайбергенова А

Барлығы	5	4	3

20	7	9	2
----	---	---	---

1 оқушы нашар Шәріпбай Ұ

4 «в» Байтілесова Ұ

Барлығы	5	4	3
22	4	12	3

1 оқушы нашар Мәулен Е

Екінші мәселе бойынша 5-11 сыныптарда тарих пәнінің өтілуі жайлы директордың бейінді ісі орынбасары Н.Балғабаева айтып өтті. Онда мектебімізде тарих пәні мұғалімдері Бейсебаева Райхан, Жассахова Нағима, Сүлейменова Сайра апайлардың сабақтарына еніп, олардың сабақ өту барысына тоқталды. Жассақова Нағиманың сабағына қатысып, оқушылардың білім-білік дағдылары зерделенді. Сабақта үй тапсырмасын сұрауда тест тапсырмалары орындалғанын, қателермен жұмыс жасалып, жіберілген қателерді барлық оқушылар дәптерлеріне жазып алғанын, жаңа сабақты түсіндіру барысында стикерлер қолданғанын, оқушылардың білім сапаларын көтеру мақсатында жеке сұрақтарға жауап алғанын айта келе мынадай ұсыныс айтты: хронологиялық кезеңдерді жаттатып отыру, топтық және деңгейлік тапсырмаларды көбірек беру керектігін айтып өтті.

Бейсебаева Райхан сабақты жан жақты дамыта отырып, сабақта көрнекілік карта, сызба қолданылғанын, сабақта белсенділік ояту, ойлану, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту бағытында нәтижеге жеткендігін, сабақтың барлық кезеңдері оқу материалын дұрыс тандауымен ерекшеленіп жүргізілгеніне тоқталды. Тексеру нәтижесін қорыта келе мұғалімнің әдістемелік біліктілігін тарату керек деген ұсыныс айтылды.

Сүлейменова Саяра сабақ өту барысында сабақтың құрылымдық деңгейі сақталатындығын, үй тапсырмасын сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраудан басталғанын, талдау, оқушының ойын жинақтау сынды білім дағдылары орындалмағанын, оқушылар тек ауызекі сөйлеумен шектелгенін, тексеру қорытындысы негізінде оқушылардың өз бетінше танымдық және шығармашылық белсенділіктерін арттыру, ұғыну процесін басқару, өзін-өзі бағалау әдістерін қалыптастыру дағдысын жетілдіру сияқты ұсыныстар айтылды.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу-ісі орынбасары Қ.Молдашов сөз алды. МОДО, Piza жұмыстарының барысына тоқталды. Мектебімізде

30.11.23ж Piza халықаралық тестінің өз деңгейінде болып өтілгендігі, тесттің жауабы алдағы уақыттарда шығатындығын айтып өтті. Ал МОДО барысында дайындықты күшейтуді, барлық оқушылардың сабақтан тыс қосымшаға келіп жүруін қадағалауын сынып жетекшілеріне қатаң ескертілді.

Төртінші мәселе бойынша «Патриоттық тәлім-тәрбие негізі» тақырыбында оқу-тәрбие орынбасары П.Бекжанова баяндама жасады. «Патриотизм» сөзі (грек тілінде-patriots-отандас, paths-отан, атамекен)Отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты.Сондай-ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне бауыр басушылықты білдіреді. Оның қазақшасы-жерлес, отандас дегенді білдіреді, яғни Отанын, ұлтын сүю, оны жаудан қорғау. Осылайша Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар, қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады.

Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін,ұлтын жаудан қорғаған. Оны Қазыбек би өз сөзінде былай келтіреді: «Біз қазақ деген мал баққан елміз,бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзағай үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлығын, жанын аямайтын патриоттығын, такаппарлығын көрсетеді. Олай болса, біз жастарға осындай ұлағатты сөздерді санасына сіңіру арқылы, оның өз ата-тегін, ұлтын, халқын сыйлауға, Отанын сүюге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға бағыт береміз деп патриоттық тәрбиенің негізін қалаушы мәліметтерді айта келе. Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгіні мен ертеңі болашақ ұрпақ қолында екенін,жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу-кезек күттірмейтін мәселелердің бірі екенін, патриоттық тәрбиені сабақ процесінде де, сабақтан тыс тәрбие саласында да үзбей беру керектігін, жалпы басқа да бағыттар бойынша ұйымдастырылған жұмыстарды жандандырып, болашақта бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеуде аянбай еңбек ету керектігіне тоқталды.

Директор жанындағы кеңесте қабылданған қаулылар:

1. Бастауыш сыныптарда негізгі пәндер (қазақ тілі, математика, жаратылыстану, дүниетану) жұмысының өтілу барысы жайлы айтылған М.Аукенбаеваның тексеру қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. 5-11 сыныптардағы тарих пәнінің өтілуін бақылау бойынша Н.Балғабаеваның есебін назарға ала отырып, Бейсебаева Райханның әдістемелік біліктілігі мектеп ішінде таратылсын.
3. МОДО, Різа жұмыстарының жүргізілуі әрдайым бақылауға алынып, дайындық жұмыстары күшейтілсін.
4. «Патриоттық тәлім - тәрбие негізі» тақырыбындағы П.Бекжанованың баяндамасына орай шәкірттерді патриоттық рухта тәрбиелеуге арналған кезекті сынып сағаттары өтілсін.

Мектеп директоры:

М. Калменов

Хатшы:

А. Турлыбаева

№11 М.П. Оқороқов атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы директор жанындағы кеңес

ХАТТАМА №4

24.01.2024ж.

Барлығы: 74

Қатысқандар: 73

Себебі: 1

Күн тәртібінде:

1	2023-2024 оқу жылында 5-11 сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жүргізілу барысы туралы	П.Бекжанова
2	11 сынып оқушыларын ҰБТ-ге, емтиханға даярлаудағы биология, жаратылыстану пәндері бойынша пән мұғалімдерінің есебі	Қ.Молдашов
3	МОДО 4-9 сыныптар жұмыстарының жүргізілуі	Қ.Молдашов
4	5-11 сынып оқушыларының информатика пәнінің оқытылуын зерделеу	Б.Баядилова
5	Мектептегі буллинг және кибербуллинг және оның алдын алу	Ж.Дүйсенова
6	Әр түрлі мәселелер	М.Калменов

Тыңдалды:

Директор алды жиналыстың бірінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылында 5-11 сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жүргізілу барысы бойынша оқу-тәрбие орынбасары П.Бекжанова сөз алды.

Жалпы оқушы саны: 425 , Ұл бала: 220, Қыз бала: 205 ,Өзге ұлт: 84
1 ауысымда: 221, 2 ауысымда 204 оқушы.

Оқу жылы басында жылдық жоспар жүргізілді. Әр сыныпқа сынып жетекші тағайындалып, жылдық жоспарларын түзіп,бекітті. Сынып жетекші сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп өткізетін педагог. Оқу жылының басында пәндер бойынша әр баланың білім деңгейі анықталып, әр айда баланың өзгерісі бақыланады.Сынып жетекші, ата-анамен, оқушымен, пән мұғалімдерімен тығыз байланыста отырады, бақылап кеңес береді. Бұл баланы қорғау, көмек көрсету, отбасымен және басқа да тәрбие институттарымен баланың дамуына және даралық қалыптастыруға қолайлы жағдай жасау үшін байланыс орнатып отырады. Сынып жетекшілер сабаққа келмеген және кешіккен оқушылардың себебін анықтап, олармен жұмыс жасайды.Оқушылардың тамақтануын .Сынып бөлмесіндегі, мектептегі кезекшілікті ұйымдастырып. Түрлі бағытта тәрбие сабақтарын өткізіп отырды, ата-аналармен ай сайын жиналыс өткізілді.Жекелеме картасына талдау жасап, күнделік жүргізіп,қадағалап отырады.Сынып жетекшінің негізгі міндеттерінің бірі тәрбиелік және дамытушылық маңызы бар әрекет ұйымдастыру.Оқушының қалыптасуына көмектесу,оның қабілеттерінің,қызығушылығының және ішкі табиғи күштерінің ашылып,арта түсуіне жағдай жасау.Осы орайда мектебімізде түрлі мерекелік іс-шаралар өтті.Атап айтсақ 2-7 сыныптар аралығында оқушылардың қабілетін дамыту мақсатында «Алтын микрофон» іс –шарасы өтілді.Сынып жетекшілер,оқушыларды ұйымдастырып,түгел қатысуына,қызықты өтуіне атсалысты.Осы іс-шараға ерекше көзге түскен сынып жетекшілер: М.Көмекова, Б.Асқар, Б.Мадатов ағайларымыздың еңбектеріне алғыс айтамыз.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі орынбасары Қ.Молдашов 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға,емтиханға даярлауда биология,

Оқушы саны 51

4 «А» 32,3

4 «Б» 41,3

4 «Ә» 22

4 «В» 33

Орташа балл 10/30

Орташа пайыз 33%

Оқушы саны 78

Алайда кейбір пән мұғалімдері түрлі себептерді сылтауратып қосымша сабақтар өтілмей жатқанын ескере отырып, оқушылармен дайындық жүргізілмей жатқан мұғалімдерге ескерту беретінін айтып, келесіде түсініктеме жазатынын ескертті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе 5-11 сыныптар арасында информатика пәнінің оқытылуын зерделеу бойынша Баядилова Бибінұр апай сөз алды.

Информатика пән мұғалимасы Беркінбаева Арай

Білімі – жоғары,

санаты- жоқ,

пед өтілі: 7 жыл.

Арай апайымыздың 7 б сыныбындағы «Файлдық функциялармен жұмыс» атты информатика сабағына қатысып, сабаққа талдау жасады. Онда сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдер қолданғанын, теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, программа құрғанын, оқушылар компьютерде тапсырманы орындағанда жай теретінін, кері байланыс болып, үйге тапсырма берілгенін айта келе мұғалімге оқулықтан тыс қосымша ақпараттардың қамтылуын, қамтамасыз етілуін, көп іздену керектігін ескертті.

Информатика пән мұғалимасы Елемесова Мақпал

Білімі - жоғары

Санаты- педагог-модератор . Пед өтілі 4

Апайдың 4 а сыныптың информатика сабағына еніп Сабақтың тақырыбы «Бағдаршам робот жасау» Сабақта түрлі әдістер қолданғанын, Сабақтың мақсаты оқу мақсатына сай жоспарланбағанын, оқушылардың баяу орындап, тапсырманы толық орындай алмағанын, кері байланыс болмай, уақытты тиімді пайдалана алмағанын айта келіп, мұғалім көп ізденіп, шығармашылық қабілетін қалыптастыру керектігін, ендігі сабақта кемшіліктерге жол бермеуін айтты.

Информатика пән мұғалимасы Каримсакова Алия апайдың

Білімі –жоғары

Санаты –жоқ

Пед өтілі -7

Апайдың 8 ә сыныптағы информатика пәніне қатысқанын «FOR циклі»атты тақырыбында сабақ өтілді. Ұйымдастыру кезеңі болып, үйге берілген тапсырманы сұрақ –жауап әдісі арқылы тексергенін оқушыларға қойылған сұрақтарға жауап беріп және қандай математикалық циклдерге жататынын, түсіндіріп бергенін. Ой қозғау стратегиясы арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашып, шағын мәтінді бөліп беріп өздеріне талдатқанын, оқушылар бөліп берген тапсырманы оқып, өздерінің ойларын жеткізіп бере алғанын айтып өтті. Мұғалім бір мысалды түсіндіріп, олардың программасын жазылуын көрсеткенін айтты. Оқулықтағы 2 тапсырманы оқушылар программаны компьютерде жазып, нәтижесін алып отырғанын, оқушылар қателіктерін өздері тауып отырғанын, түсінбеген жерін мұғалім толықтырғанын айтып өтті. Жас маман болғанына қарамастан оқушылармен жақсы тіл табысып, өзінің үстінде көп жұмыс істейтіні, жауапкершілікті жақсы сезінетін маман екенін мәлімдеді.

Информатика пән мұғалімі Намазов Ердос Білімі-жоғары Санаты-педагог-модератор Пед өтілі-5 жыл. Намазов Ердос ағайдың 7ә сыныбындағы сабаққа қатыстым. Сабақтың тақырыбы: «Файлдармен жұмыс». Ұйымдастыру кезеңі болғанын, үй тапсырмасын «сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрағанын, жаңа тақырыпты мұғалім түсіндіріп, файлды мәтіндік режимде ашып, оған деректерді жазуды түсіндіріп, компьютерде оқушыларға көрсетіп бергенін айтты. Оқулықпен жұмыс болғанын, оқушылар оқулықтағы тапсырманы компьютерде орындап, түсінбегенін мұғалімнен сұрап отырғанын, оқушылармен кері байланыс болмағанын айтып, мұғалім көп ізденіп, шығармашылық қабілетін қалыптастыру керектігін. Мұғалімге өзінің кеткен қателіктері туралы айтылып, осы айдың соңында сабақтары қайта зерттелуге қойылатынын ескертті.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектептегі буллинг, кибербуллинг және оның алдын алу тақырыбында психолог Жанат Дүйсенова баяндады. Онда буллинг дегеніміз не екенін түсіндіре отырып, буллингті болдырмаудың жолдары, ата-ана тарапынан кететін қателік, мұғалім тарапынан кететін қателіктерге тоқталып өтті. Ата-ана тарапынан кететін қателіктер: Балаға оның қымбат жан екенін ұғындырмау. Қоштасқанда бетінен сүйіп, қауышқанда құшақтамау. Дәл осы әрекеттерді дұрыс жасап жүрген ата-ананың баласы өзінің қандай қымбат екенін түсінеді. Баланың қажеттіліктеріне көңіл аудармау. Бірнәрсе айтып, сөйлескісі келсе, «қоя, тұр», «кейін» деген

сөздермен оған «сенің айтатының немесе жағдайың маңызды емес» деген қатынасты көрсету

Ал мұғалімдер қандай қателік жібереді?

Оқушыларды өзі үшін «сүйікті» және «сүйікті емес» топтарға бөліп, оны ашық түрде көрсету. Бұл жерде кейінгілер өздерін екінші таптағы адам сияқты санап, мұғалімге тісі батпайтындықтан, есесін «сүйіктілерден» алуға тырысады. Балалардың бірін-бірі мазактауын, балағаттауын көре, ести тұра, оны тоқтатпау, елемеу. Бір оқушыға басқалардың көзінше ұрысу. Қателеріне нұсқап, жәбірлеп, бар баланың көзінше масқаралау. Бір оқушыны басқалармен салыстырып, асыра мақтап, қалған оқушылардың алдында мәртебесін көтеру.

Буллингті болдырмау үшін:

Ата-ана балаларына адамдармен дұрыс қарым-қатынас құру, қысым көрген адамды қолдау, өзгелерді құрметтеу үлгісін көрсетуге тиіс. Баламен ашық және жиі сөйлесіп тұруы қажет. Бала ата-анасына барлық тақырыпта ойын еркін айта алатындай, өзін тыңдайтынын, түсінетінін білетіндей сенімді қатынас орнату қажет. Ал мұғалімдер буллинг орын алмау үшін сынып сағаттары мен ашық сабақтар арқылы түсіндірме жұмыстарын өткізу керек. Балалардың арасында әлімжеттік жасау, ауыр сөздермен намысқа тию жағдайларын байқаса, дереу оған тоқтау салуға міндетті. Ата-аналармен тығыз байланыста болу, оларды да осы тақырыптағы іс-шараларға қатысуға шақыру да жақсы шешім деген ойда екендігін айтып өтті.

Директор жанындағы кеңесте қабылданған қаулылар:

1. 2023-2024 оқу жылында 5-11 сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жүргізілуі барысы жайлы сынып жетекшілердің жұмысы жандандыру көзделсін.

2. 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ге емтиханға даярлаудағы биология, жаратылыстану пәндері бойынша дайындық жұмыстары бойынша есебі, оқушылармен дайындық жұмыстарды жүргізбей жатқан кейбір мұғалімдерге хаттамалық негізде ескерту берілсін.

3. МОДО 4-9 сыныптарда дайындық жұмыстары күшейтілсін.

4.5-11 сынып информатика пәнінің оқытылуы бойынша Баядилованың ескертуін назарға ала отырып, информатика пәні мұғалімі Намазов Ердостың сабағын қайта зерделеу келесі айда қайта қаралсын.

5. Мектептегі буллинг және кибербуллинг және оның алдын алу жұмыстары «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.

Мектеп директоры:

М.Калменов

Хатшы:

А.Турлыбаева

№11 М.П. Оқороқов атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы директор жанындағы кеңес

ХАТТАМА №5

04.03.2024ж.

Барлығы: 74

Қатысқандар: 72

Себепті : 2

Себепсіз:0

Күн тәртібінде:

1	Мектеп оқушылары арасында жұқпалы аурулардың алдын алуда атқарылған жұмыстар туралы мейірбикенің есебі	Б.Уразова
2	Оқушы қыздар мен ұлдар арасындағы бағдарлама бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесі туралы	Н.Амиров Д.Кожукова
3	1-11 сыныптардағы электронды журнал тексеру қорытындысы	Қ.Молдашов
4	Негізгі мектепті үздік куәлікке, 11 сыныпты «Алтын белгіге», үздік аттестатқа бітіретін оқушылардың құжаттары мен журналдарын тексеру қорытындысы	Қ.Молдашов
5	Үйде оқитын оқушылардың сабақ өтілу барысын зерделеу	М.Аукенбаева
6	Үлгерімі төмен оқушылардың психологиялық-педогогикалық ерекшеліктері	Ж.Дүйсенова
7	Әр түрлі мәселелер	М.Калменов

Тыңдалды:

Директор жанындағы отырысты мектеп директоры М. Калменов ашып, жиналыстың күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп оқушыларының арасында жұқпалы аурулардың алдын – алуда атқарылған жұмыстар туралы мектебіміздің мейірбикесі Уразова Бақтыгүл сөз алды. Онда жалпы мектеп бойынша 766 оқушы бар екендігін, оның ішінде 4 оқушы үйде оқытылатынын, диспансерлік есепте 45 бала есепте тұратынын, мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау, жұқпалы аурулардың алдын алу, оны болдырмау мақсатында мектеп мұғалімдері мен кіші қызметкерлері шілде, тамыз айларында ҚРДСМ-ның 15 қазан 2020 жылы №131 бұйрығына сәйкес медициналық кітапшалары ауыстырылып, толық медициналық тексеруден өткенін, оқушыларға R-манту сынамасы егілгенін. Оқушыларды ай сайын жалпы медициналық тексеруден өткізіп, қадағалап отыратынын, инфекциялық аурулардың алдын алу мақсатында 2-11 сынып оқушыларынан тұмау, ЖРВИ, қызылша, сары ауру және теміреткі аурулары туралы сынақ хаттар алынғанын, сынақ хаттар алынғаны туралы мәліметтер аудандық білім бөліміне тапсырылып отыратынын, инфекциялық аурулардың алдын алу мақсатында мектепте түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әр сынып бөлмелеріне термометрлер қойылып, оның көрсеткіштері тиісті журналға жазып, әр дайым қадағалап отыратынын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша оқушы ұлдар арасындағы бағдарлама бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесіне алғашқы әскери дайындық жетекшісі: Амиров Нұрдаулет тоқталып өтті. 2023-2024 оқу жылында мектебімізде «Қыран ұлдар» клубының жылдық жоспарына сәйкес құқық бұзушылықпен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ұлдар арасында жиналыс өткізілгенін, ұл балдардың арасындағы әлім жеттілік, зорлық-зомбылық, электрондық сигарет қолдану, сабаққа кешігіп келу, сабақ арасында бейсауат жүру, мектеп формасы тағы да басқа келеңсіз жайыттардың анықталғанын, осы бойынша ДПЖО оқу тәрбие ісі орынбасары П. Бекжановамен бірлесе отырып біршама жұмыстар атқарылғанын айтты. Атап айтқанда 7 сыныптардың ұл балдарымен жиналыс өткізіп, ескерту бергенін, осы сыныптың ұл балдарына әр сыныптан 2-3 үлгілі балдарынан жауапты етіп тағайындап қойғандығын, осы жиналысқа Исақұлов Д, Смайыл Ә

дене шынықтыру пән мұғалімдері қатысып, сын- ескертпелер айтқанын, мінез құлықтарында ауытқулары бар оқушылармен мектеп педагог-психологтарымен бірлесе отырып психологиялық тренингтер өткізіліп отырғанын, оқушыларды ынталандыру мақсатында дене шынықтыру, еңбек сабақтарында үйірме жұмыстар өткізілгенін, алдағы уақытта жоспар бойынша ұл балдар арасында ынтымақтастық пен үлкенге құрмет, кішіге ізет адами құндылықтарын арттырып, бір-біріне деген силастықтарын дамытуды жоспарлағанын, әкелер кеңесінің төрағасы Каюпов Қуат мырзамен кездесу өткізгенін, кездесу барысында оқушыларымыз көптеген мағлұматтарға ие болғанын айтты. Амиров Нұрдаулетке сұрақтар қойылды, ұсыныстар айтылды. Директордың бейінді ісі орынбасары: Н. Балғабаева оқушылардың мінез құлықтарын түзету адамдармен қарым-қатынасын басқару мақсатында көршілес мектептер арасында түрлі сайыстар ұйымдастыруды ұсынды.

Ұсыныс: Оқушы ұлдар арасында әр түрлі салада үйірмелер көбірек жұмыс жасау, әр түрлі салада жұмыс атқаратын мамандармен кездесулер өткізіп отыру. Қыздар арасындағы атқарылған жұмыстар бойынша Д. Кожуковаға сөз берілді. Ол 2023-2024 оқу жылындағы «Әлия» клубы қыздар арасында жұмыс жасайтындығын, Қыздар жиналысына оқу тәрбие ісі орынбасары: Бекжанова П., педагог-психолог Дүйсенова Ж., медбике Уразова Б., тәлімгер Мәуленбаева Ботакөз қатысып, бірге жұмыс атқарылатынын, жиналыс екі аусымға бөлек-бөлек уақытта әр айда өтетінін, ондағы мақсат қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамытатындығын айта келе өткізілген іс-шараларды атап өтті. «Қыз бала мен қоғам», «Әлеуметтік желінің салдары», «Репродуктивті денсаулық», «Иманды қыз, аяулы ана» деген тақырыптарда жиналыс өткізгенін айта келе өз сөзінің соңында мектептегі қыз балалардың формасына тоқталды. Қожуковаға мектеп директор тарапынан сұрақ қойылды.

Сұрақ:

— Жоғарғы сыныптағы оқушы қыздарды бақылау мақсатында сынып жетекшілермен тығыз байланыста бола отырып, оларды тәрбие сабақтарына қатысып, күнделікті мінез құлықтары мен олардағы өзгерістерді қадағалап отырсыз ба?

--- Қожукованың жауабы:

--- Ия, жоғары сынып оқушы қыздарын әрдайым қадағалап ,отырамын.Мысалы, қазіргі таңда қыздар мектепте жекет (карсет) киіп жүр.Ол мектеп формасына жатпайды.7 «б» сынып,6 «б» сынып қыздары киіп алған,оларға ешкім рұқсат бермеген, ата –аналар өзара келісе отырып әперген.Мен мұны сынып жетекшілерге жиналыс жасап , мұндай форманы мереке кезінде немесе атқарылатын іс-шаралар кезінде киюге болады, оны мектепке форма ретінде киюге рұқсат жоқ екенін айтып ескерттім. Осылай қыздардың формасын,мінез-құлықтарын,жүріс-тұрыстарын әрдайым қадағалай отырып,ата –аналар мен сынып жетекшілердің бірлесе отырып жұмыс жасаудың арқасында біраз нәтижеге жеткеніне тоқталды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директордың оқу ісі орынбасары Қ Молдашов сөз алды.Өткен жиналыс барысында да электронды журналды уақтылы толтыру керектігін ескергенін, 1-11 сыныптар арасында электронды журнал толтыру барысында әлі де кемшіліктер кездесіп жатқанын,әр ай сайынғы қорытындыны жеке-жеке шығарып отырғанын,жас мамандар арасында журналды күнделікті толтырмай жүрген пән мұғалімдерінің бар екенін,электронды журнал қорытындысы жайында аудандық мәліметті чаттарға тастап отыратынын, мұғалімдердің жауапкершіліксіз жұмыс жасауының салдарынан біздің білім сапасы көрсеткішіміз төмен болып жүргенін, 62 мұғалімнің 15 ғана әрдайым 100% жетіп отыратынын,қалған мұғалімдерді атап айтсақ;Абламаатқызы Х,Бекжанова П,Қуаныш Ж,Тастанова 100% жетпей жүргендігін айтып өтті.Сонымен қатар электронды журнал бойынша ата-аналардың да белсенділігін арттыруды,электронды журнал бойынша ата-ана мен оқушылардың білім көрсеткіші пайыздарын арттырудың ең тиімді жолы журналға бағаны өз уақытында қойып,дер кезінде толтыру керектігін айтты.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе мектептегі «Үздік аттестат»,«Алтын белгі»,бойынша оқу ісі-орынбасары:Қ.Молдашов хабарлама жасады.Онда 9 сыныптар аралығында «Үздік аттестатқа» 4 оқушы:

1. Абдіжамил Меруерт
- 2.Абдували Гүлназ
- 3.Амантай Сауран
4. Нұрмахан Аяла

11 сыныпта «Алтын белгіге» 3 оқушы:

- 1.Алимқұл Аружан

2.Орынбасар Диана

3.Әзіретәлі Аружан осы оқушыларды ұсынып отырғанын ескерте келе,осы оқушылардың тоқсандық,жылдық қорытындыларын қадағалап отыруды тапсырды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша М.Окороков атындағы жалпы орта мектебінің үйде оқытылатын оқушылар туралы Аукенбаева Меруерт мәлімет берді.Мектебіміз бойынша үйде оқытылатын 4 оқушы бар.

1-сынып Кеңес Фариза ,жеңіл ақыл - ой

6- сынып Кенжебек Асхат,жеңіл ақыл –ой

7 –сынып Пернебай Аружан ,жалпы мектеп бағдарламасы

10-сынып Жақсанов Жеңіс,жалпы мектеп бағдарламасы

Әр оқушыға сабақ беретін пән мұғалімдерін атай отырып,сабақ өтілу сапасына жеке тоқталды.Кеңес Фаризаға мұғалімдер уақтылы,жеке сабақ өтетінін.

Кенжебек Асхатқа орыс тілі,танымдық әрекеттер түзету пәндері толық өтіліп,ал басқа сабақтар жеке сабақ болып өтілмейтінін, ондағы пән мұғалімдері:Мамырова Ш,Көмекова М,Турлыбаева А,Мадатов Б.екендігін. Пернебай Аружанға мұғалімдер сабақты түгел барып өтетінін,Жақсанов Жеңіске сабақ жеке өтілмейтінін,ондағы пән мұғалімдері:Есенбаева Д,Даулетқали А,Алипбаева Н,Сүлейменова С,Мамитова Л,Беркінбаева А,Таспулатова Л оқушылармен бірге өтетінін,оқушыны жеке алып,тапсырма беріп,сабақ өтпейтінін, мәлімдеді және мынадай ұсыныс айтылды.

Ұсыныс: Оқу бағдарламасы жалпы мектеп бағдарламасы бойынша үйде оқытылатын оқушылардың сабағын сабақ кестесі бойынша,оқушылармен бірге емес жеке басқа кабинетке алып отырып өтілсін.

Күн тәртібіндегі кейінгі мәселе Үлгерімі төмен оқушылардың психологиялық-педогогикалық ерекшеліктері бойынша мектеп психологі Ж Дүйсенова сөз алды.Оқушының білім деңгейі бастауыш сыныптан бастап қалыптасатынын,бастауыш сынып мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік артылатынын,олар барлық оқушыларға бірдей қарым-қатынаста болып,бөліп -жармай бірдей тапсырмалар беріп, әрдайым оларды бірдей бағалап отыруын және осындай жауапкершілік бала өсе келе енді орта буын мұғалімдеріне жүктелетінін,орта буындағы оқушыда өсімтал буынның әр түрлі мінезі пайда болуына байланысты оларға енді жеке –жеке көңіл бөлу керектігін,олардың сыныптан алшақтап бөлініп қалмауын,ұялшақтық,оқшаулану тағы да басқа мінездердің арқасында білім

деңгейі төмендеп кетуі мүмкіндігін ,оның қабілетіне қарай даму жүйесіне қарай тапсырмаларды түрлендіріп беруін,сабақты сұрағанда да түрлендіріп сұрауын жазбаша,ауызша сұрақтар қоя отырып ,баланың тұйықталып кетпей ашылуына көмектесіп отырса,әр оқушының өзіндік ерекшелігін аша білсе үлгерімі төмен оқушы болмайтынын, бала орта буын жаста сәл нәрсеге қапа болғыш,немесе қиялдағыш,сәл нәрсеге ашуланғыш мұғалім түгілі өз ата-анасының сөзін көтере алмайтын физиологиялық,психологиялық даму үстінде болатынын, жүйкесі эмоциялық тұрақсыздықта болатынын ескеру керектігін, оқушымен етене жақын болып,ең жағымды,жақсы,мадақтау сөзді көп қолдану керектігін, оқушыны әрдайым жігерлендіріп отырса, мұғалімнің әрбір іс- қимылы мен қарым-қатынасы оқушыға үлкен әсер ететіндігін айтып өтті.

Директор жанындағы кеңесте қабылданған қаулылар:

1. Мектеп оқушылары арасында жұқпалы аурулардың алдын алуда атқарылған жұмыстар жайлы мейірбике Уразованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
- 2.Оқушы қыздар мен ұлдар арасындағы бағдарлама бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесі қанағаттанарлық деп есептелінсін.
- 3.1 -11 сыныптардағы электронды журнал тексеру барысында,электронды журналды уақтылы толтырмай жүрген пән мұғалімдеріне хаттамалық негізде ескерту берілсін,бағаны дұрыс қоюға көбірек көңіл бөлінсін.
- 4.Негізгі мектепті « Үздік аттестат», 11 сыныпты «Алтын белгі»,үздік аттестатқа бітіретін оқушылардың құжаттары мен журналдарын тексеру қорытындысы бойынша осы ұсынылған оқушыларға қосымша сабақ өту, қосымша жұмыс жасау жандандырылсын.
- 5.Үйде оқитын оқушылардың сабақ өтілу барысын зерделеу бойынша уақтылы,оқушыны жеке отырғызып сабақ өтпеген пән мұғалімдеріне хаттамалық негізде ескерту берілсін.
- 6.Үлгерімі төмен оқушылардың психологиялық педагогикалық ерекшеліктері тренигі бойынша мектеп психологі Ж.Дүйсенованың айтылған пікірі назарға алынсын.

Мектеп директоры:

Хатшы:

М.Калменов

А.Турлыбаева

№11 М.П. Оқороков атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы директор жанындағы кеңес

ХАТТАМА №6

29.03.2024ж.

Барлығы: 73

Қатысқандар: 71

Себеіті : 1

Себеісіз:1

Күн тәртібінде:

1	4 сынып оқушыларының орта буынға өтетіндігіне байланысты психологиялық зерттеулер	У.Култаева
2	2023-2024 оқу жылын аяқтау, мемлекеттік емтихан тапсыру туралы ҚР білім министрлігінің, аудандық білім басқармасының бұйрықтарымен таныстыру және емтихан кестесін бекіту	Қ.Молдашов
3	«Жыл мұғалім, жыл сынып жетекші, жыл оқушысы» номинацияға мониторинг	П.Бекжанова
4	11-ші сыныптардың байқау тестінің қорытындысы	Қ.Молдашов

Тыңдалды:

Директор жанындағы отырысты мектеп директоры М. Калменов ашып, жиналыстың күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психологі У.Құлтаева сөз алды. 2023-2024 оқу жылында 4 а, ә, б, в сыныптарында жалпы 83 оқушы бар екенін. 25.09.2023 ж 4-сынып оқушыларына «Бестерек» жобасы аясында зерттеу жұмыстары жасалғанын. «Менің отбасым» атты эссе алынғанын. Онда бақылау әдісі 4 б, в сыныптарында жүргізіліп темперамент типтері айқындалып, екінші ми шарын дамытуға бағытталған кинесологиялық жаттығулар кешені жүргізілгендігін. 27.11.2023 ж А.А.Зак әдістемесі «Оқушылардың ойлау қабілетінің даму деңгейін анықтау» әдістемесі алынғанын. 4 сынып оқушыларының логикалық ойлауының және интеллектуалдық қабілетінің даму деңгейін анықтап оларды дамыту керектігін айтты.

4 а сыныбынан 21 оқушыдан 16 оқушы қатысып, өзін-өзі төмен бағалайтынын 5 оқушы, отбасы мүшелеріне деген теріс көзқарас немесе алшақтық 3 оқушыда, 1 оқушы отбасылық мазасыздану, эмоционалды артық салмақ 4 оқушыда, қиялдағы отбасыны армандайтын 1 оқушы анықталғандығын.

4 ә сыныбынан 20 оқушыдан 14 оқушы қатысып, өзін-өзі төмен бағалайтынын 7 оқушы, отбасы мүшелеріне деген теріс көзқарас немесе алшақтық 5 оқушыда, 3 оқушы отбасылық мазасыздану, эмоционалды артық салмақ 4 оқушыда анықталғандығын.

4 б сыныбынан 21 оқушыдан 20 оқушы қатысып, өзін-өзі төмен бағалайтынын 5 оқушы, отбасындағы қарым-қатынастың төмендігі 1 отбасы мүшелеріне деген теріс көзқарас немесе алшақтық 4 оқушыда, 1 оқушы отбасылық мазасыздану, эмоционалды артық салмақ 2 оқушыда анықталғандығын.

4 в сыныбынан 22 оқушыдан 17 оқушы қатысып, өзін-өзі төмен бағалайтынын 8 оқушы, отбасындағы қарым-қатынастың төмендігі 1 отбасы мүшелеріне деген теріс көзқарас немесе алшақтық 8 оқушыда, 1 оқушы отбасылық мазасыздану, эмоционалды артық салмақ 7 оқушыда анықталғандығы жайлы айта келе 4 сынып оқушыларының орта буынға өтетіндігіне байланысты психологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша, олардың логикалық ойлауының және интеллектуалдық қабілетінің даму деңгейлері жеке дара зерттеу нәтижесі жас ерекшеліктеріне сай екендіктері жайлы мәлімет берді.

2023-2024 оқу жылындағы 9 сынып негізгі орта білім бойынша және 11 жалпы орта білім бойынша қорытынды емтихан алудың барысымен комиссия мүшелерімен таныстырып өтті. Олар:

Комиссия төрағасы:

Мектеп директоры- М.Калменов

Комиссия хатшысы: оқу ісі бойынша орынбасары Қ.Молдашов

Комиссия мүшесі: бейінді орынбасары-Н.Балғабаева

математика пәні мұғалімі- Б.Баядилова

ата-аналар комиссия төрағасы-Е.Олжабаев

тағайындалғанын айтты. Сонымен қатар емтиханға қатыса алмай қалған жағдайда немесе «екі» деген баға алса тамыз айына қалатынын немесе пед.кеңестің шешімімен сыныпта қалдырылатыныны жайлы оқушыларға, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізіуін ескертті.

Күн тәртібіндегі кейінгі мәселе «Жыл мұғалім, жыл сынып жетекші, жыл оқушысы» номинацияға мониторинг бойынша тәрбие ісі орынбасары П.Бекжанова хабарлады. 5- 11 сыныптар арасында 18 сынып ,425 оқушы оның ішінде 220 ұл бала ,205 қыз бала. 1-аусымда 221 оқушы,2-аусымда 204 оқушы оқып жатқандығын айтып өтті.

Сыныптағы білім алушылардың оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша педагогке жүктелген функцияларды айқындайды.

Сынып жетекшісі өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына « Неке және отбасы» туралы «Педагог мәртебесі» туралы ,басқа да Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады. Міне осы қағидалардың бәрін түгел орындап келген ,ең үздік белсенді сынып жетекшілер: Шыныбекова Оңласын, Байтілесова Ұлмекен, Ерімбетова Айнурды «Жыл мұғалімі» номинациясына ұсынғанын, ең жоғары уәжді, дарынды, таңдау жасайтын жағдайда жауапты шешімдерді өз бетінше қабылдай алатын жинақтылығымен, жауапкершілігімен ерекшеленетін заманауи білімді Нұрмахан Аяланы « Жыл оқушысы» номинациясына ұсынғанын хабарлады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе мектептегі 11 сыныптардың байқау тестінің қорытындысы бойынша оқу ісі-орынбасары Қ.Молдашов хабарлама жасады.

Наурыз айында тапсырылған ҰБТ қорытындысымен таныстырып өтті. Онда 18 оқушы тапсырғанын

Оқу сауаттылығы бойынша - 7,2

Математика сауаттылығы бойынша-5,8

Қазақстан тарихы бойынша -10,7

Таңдау пәндері бойынша -21,7 -20,3

Орташа балы 65,5

Өте төмен жинаған оқушылар; Оспан Жансая 47балл, Капаш Нұржамал 46балл, Орал Айда 45балл және әр оқушының жинаған балдарымен жеке таныстырылды. Ең жоғары Әзіретәлі Аяжан 90балл алғанын хабарлай отырып, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерге ҰБТ –ға дайындық жұмыстарын күшейту керектігін ескертті.

Директор жанындағы кеңесте қабылданған қаулылар:

1. У.Култаеваның 4 сынып оқушыларының орта буынға өтетіндігіне байланысты психологиялық зерттеулері қанағаттанарлық.

2. 2023-2024 оқу жылын аяқтау, мемлекеттік емтихан тапсыру туралы ҚР білім министрлігінің, аудандық білім басқармасының бұйрықтарымен таныстыру және емтихан кестесін бекіту жайлы есебі таныстырылды, бекітілді деп есептелінсін.

3. П.Бекжанованың «Жыл мұғалім, жыл сынып жетекші, жыл оқушысы» номинация мониторингі басшылыққа ала отырып назарға алынсын.

4. Қ.Молдашовтың хабарлаған 11-ші сыныптардың байқау тесті қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Мектеп директоры :

Хатшы:

М.Калменов

А.Турлыбаева

№11 М.П. Окороков атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы директор жанындағы кеңес

ХАТТАМА №7

30.05.2024ж.

Барлығы: 73

Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1	Пән кабинеттерінің жаңа оқу жылына даярлығы	П.Бекжанова
2	Мектеп құжаттарының жүргізілуі	М.Аукенбаева
3	Мұғалімдердің білім жетілдіру курстарына бару кестесін бекіту	Н.Балғабаева
4	9-11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттаудың нәтижелері	Қ.Молдашов

Тыңдалды:

Директор жанындағы отырысты мектеп директоры М. Калменов ашып, жиналыстың күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе пән кабинеттерінің жаңа оқу жылына даярлығы жайында оқу тәрбие ісінің орынбасары П. Бекжанова хабарлама жасады. Жабдықталған кабинет- білімге апарар жол дегендей, мектептегі пән кабинеттерінің жабдықталуы оқушылардың пәнді терең меңгеруіне үлкен үлес қосады. 2023-2024 оқу жылында мектебімізде тарих пәні кабинеті, қазақ тілі кабинеті, математика кабинеттері пәнге қатысты көрнекіліктер мен даналық сөздер, қажетті таблицалармен жаңаша жабдықталғанын, осы үрдісті жаңа оқу жылында жалғастыра отырып орыс тілі, физика, химия кабинеттерін пән мұғалімдерімен бірлесе отырып жабдықтауды жоспарлап отырғанын, жалпы мектептегі оқу кабинеттерін әр пән мұғалімдері мен кабинет меңгерушілері жаңа оқу жылына өз жоспарларын құра отырып, ондағы орындық, стол, тақта, шкаф, қабырғаларына жөндеу жұмыстарын жүргізе отырып, ақтап, сырлап дайындайтынын хабарлады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бастауыш сынып бойынша оқу ісінің орынбасары М. Аукенбаева мектептегі құжаттардың жүргізілуі бойынша тексерудің нәтижесін айтты. БҒМ бұйрығына (№130 бұйрық) сәйкес педагогтар негізгі 5 құжатты жүргізу керек.

1. Оқу жылының басталуына дейін пән бойынша орта мерзімді жоспар немесе күнтізбелік тақырыптық жоспарды жасайды
2. Күн сайынға сынып журналы, факультативтік үйде оқыту, мектеп алды журналдарын жүргізеді
3. Қысқа мерзімді жоспар және тоқсан қорытындысы бойынша жиынтық бағалауды жүргізу қорытындыларына талдау жасайды
4. Сынып жетекшілік функциясын атқарса (сынып жоспары, білім алушылардың үлгерімі туралы табель) осыларды жүргізеді
5. Мектепішілік бақылау жоспары

мектеп басшысы осы 5 нысанды бекітеді. Мектепте мұғалімдердің осы құжаттары түгел тексерілді. Кеткен кемшіліктерін туралады. МАД тобы, 1-11 сыныпқа дейінгі құжаттар тексеріліп, кемшіліктері бар мына мұғалімдерге

ескертулер берілді. Олар: Елемесова М, Сейдуалейева Л, Асқар Б, Даулетқали А, Қуаныш Ж, Абламатқызы Х, Ахметова С, Ерімбетова А, Мәуленбаева Б, Сүлейменова С, Қожухова Д, Түребекова Э, Ботабекова Ш. Барлық мұғалімдердің құжаттары реттеліп, оқушылардың альфавиттік нөмірі қойылып, кемшіліктері дұрысталғанын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектебіміздің бейінді ісі жөніндегі орынбасары Н.Балғабаева сөз алды. Бүгінгі күн мұғалімнің біліктілігін арттыруды жалпы қоғамдық мәселе ретінде қарастыру қажеттілігі туған кезең. Себебі білімді тереңдету, молайту, жетілдіру жеке басы үшін ғана емес, қазіргі қоғамға қажет әрекет деп қабылдауымыз керек. Бұл мұғалімнің өз қызметінде табысқа жетуін ғана көздемейді. Өскелең ұрпақтың терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары шәкірт тәрбиелеуде ықпалы мол. Осы орайда біздің мектебімізде де біліктілікті арттыру курстарына әр 3 жылда жіберіліп, кезекті аттестаттаудан өткізіп отыратынын. 2023-2024 оқу жылында әдеттегідей білім жетілдіру курсына 30 мұғалім ауданның бұйрығымен мектептен бұйрық шығарылып, өз білімдерін жетілдіруге барып, оқып, сертификат алып келгенін, оқу барысында жалақылары сақталып, жолақылары төленгенін, оқуға барып келген әріптестеріміз алған білімдерін бірлестіктерінде талқылап, жаңалықтарымен бөліскенін, келесі оқу жылында тағы да мұғалімдер біліктілігін арттыру үрдісі жалғасып отыратынын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары Қ.Молдашов 9-11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттаудың нәтижелерімен таныстырып өтті. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау-олардың білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында кезделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау. 9-11 сыныптардың қорытынды аттестациясы 28.05-11.06ж аралығында өткізілді. Емтиханға 11 сыныптан 51 оқушыдан 3 оқушы «Алтын белгі», 5 оқушы үздік аттестат, 9 сыныпта 54 оқушы, оның 4 оқушысы үздік аттестат алды.

9-11 сынып сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау:

- 1) қазақ тілі және әдебиетінен (оқыту тілі бойынша) жазбаша емтихан
- 2) алгебра және анализ бастамаларынан жазба емтихан
- 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан

4)Орыс тілінен жазба емтихан

5)таңдау пәні бойынша жазба емтихан

Эссе жазуға-3 сағат, алгебра және анализ бастамаларына-5 сағат уақыт берілгенін. Емтиханға қатыспаған оқушылар болмағанын. Жазбаша емтихан жұмыстарының титулды парақтары дұрыс жүргізілгенін. Жалпы емтиханға оқушылар толық қатысқандығын, кешіккен және тәртіп бұзған оқушылар болмағанын, емтихан талаптары толық сақталып, уақытылы басталып, уақытылы аяқталғандығын айтып өтті.